

Е.Қ. Петек
М.Е. Адиллов*

Тоқат Газиосманпаша университеті, Тоқат, Түркия
*Корреспонденция үшін автор: marlen.adilov@gop.edu.tr

Қазақ тілінде сөз басындағы «ж» дыбысының даму тарихы

Аңдатпа. Түркі лингвистикасында ең көп қарастырылған және түркітанушылар арасында пікірталас тудырған мәселелердің бірі – сөз басындағы /й-/ дыбысының мәселесі. Бұл дыбыс көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде түрлі тұлғаларында қолданылып келеді.

Алтай тілдері теориясын жақтаушылар протоалтай дәуірінен кейін дербес тіл ретінде бөлініп шыққан прототүркі тілі «көне батыс» және «көне шығыс» түркі тілдері болып екі тармаққа бөлінгенін тұжырымдайды. Қазіргі түркітану ғылымында көне батыс түркі тіліне (Орхон ескерткіштерінен бастап қазіргі түркі тілдері) «ЛИР», ал көне шығыс түркі тіліне (чуваш т.) «ШАЗ» тілі деген шартты терминдер қолданылып жүр. Сол себепті «л-ш», «р-з» дыбыстарының алмасуы түркі тілдерін классификациялауда негізгі өлшем ретінде пайдаланылады. Сөз басындағы /й-/ дыбысының түрлі варианттарында жұмсалуды да тілдерді топтастыруда маңызды рөл атқарады.

Аталған мақалада диахрондық, синхрондық талдаулар жасала отырып, қазақ тіліндегі сөз басында /ж-/ дыбысына сәйкес келетін жалпы түркілік /й-/ дыбысының даму тарихы қарастырылады.

Көне шығыс түркі тілінің құнды жәдігері саналатын Орхон ескерткіштерінен бастап /й-/ дыбысы түрінде қолданылып келе жатқан, қазақ тілінде /ж-/ формасындағы осы екі дыбыстың қайсысы көнелеу екендігі талданады.

Түйін сөздер: протоалтай тілі, прототүркі тілі, көне түркі тілі, қазақ тілі, сөз басындағы «й» және «ж» дыбыстары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-134-1-130-143>

Түсті: 05.02.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 10.03.2021

Кіріспе

Түркі тілдеріндегі сөз басындағы /й-/ дыбысы бірқатар лингвист, әсіресе, алтайтанушы ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, оның тарихына байланысты түрлі болжамдар мен тұжырымдар айтылып келеді. Мысалы, белгілі түрік ғалымы Осман Недим Туна өзінің «Шумер және түркі тілдерінің жасы мәселесі немесе түркі тілі қаншалықты көне?!» атты еңбегінде бұл мәселеге айрықша тоқталады:

«Түркі тілінің тарихындағы маңызды фонетикалық құбылыстар қатарында «қатаң дауыссыздардың ұяңдануы және шұғыл дауыссыздардың фрикативті (ызың) дауыссыздарға айналуы» екендігі белгілі. Олай болған жағдайда алтайдың телеуіт диалектісіндегі «д», қырғызшадағы «дж», хакас және тува тілдеріндегі «ч» дыбысын; алтай, хакас, тува тілдеріндегі «н» дауыссызын «й» дыбысынан пайда болды» деген түсінік шұғыл дауыссыздардың фрикативті (ызың) дауыссыздарға айналуы үрдісіне де, әрі тілдік

заңдарға қайшы келеді. Менің ойымша, көне түркі дәуірлерде «й» дыбысымен бірге «д» және одан әрі қарай дамыған «дж немесе «н» дауыссыздары қолданылған. Бұдан бөлек «с» дыбысы да болған. Еңдеше, «д» дыбысы осы варианттардың бәрінің бастауы болса керек» [1, 5], - дейді.

Шумерлер – біздің дәуірімізге дейінгі 4000-2000 жылдары Оңтүстік Месопотамияда өмір сүрген ежелгі өркениеттердің бірі. Жазуды ойлап тапқан алғашқы өркениеттің де шумерлер екені тарихтан белгілі. Енді ғылыми зерттеулер бойынша түркілердің де біздің дәуірімізге дейінгі 3500 жылында қазіргі Түркияның шығысында мекен еткендері анықталды. Шумерлер мен түркілер бұл дәуірде көрші өмір сүріп, байланыста болған. Осы қарым-қатынас, байланыстардың нәтижесінде екі тілдің арасында дыбыстық эквиваленттер, ортақ сөздер пайда болған.

Осман Недим Туна сумерше «д» және түркіше «й» (немесе Ø, яғни нөлдік форма) дыбыстық эквиваленттілігіне байланысты 16 мысал келтірген. Ондай мысалдардың біразын төменде көрсеттік:

дар «spalten, zerschneiden, zerstören» ~ *йар*- «жару»;

дириг «to accumulate» ~ *ирк*- «жинау»;

дириг «zerpalten» ~ *йирик/йырық* «жырық»;

дин «band» ~ *йип* «жіп»;

диг «sesamol» ~ *йаг* «май»

ту⁵ «waschen, baden, libieren» ~ *йу*- «жуу»;

тан- «verschlissen» ~ *йап*- «жабу»;

тага «feind» ~ *йагы* «жау»

тир «country» ~ *йир/йер* «жер» [1, 5-6].

Мысалдардан байқалғандай, шумер тілінде /д-/ , /т-/ дыбыстарымен басталатын сөздер түркі тілінде /й-/ дыбысына сәйкес келеді немесе кей тұстарда түсіріліп айтылады. Шумер тілінде алғашқы буынында езулік-қысаң «ы, и» дауыстылары бар әрі /д-/ , /т-/ мен басталған екі сөздің түркі тіліндегі баламаларына келсек, олар сөз басында /й-/ дыбысынсыз айтылады. Алайда, Шумер тілінде /д-/ , /т-/ дыбыстарымен басталатын және алғашқы буынында «ы, и» дауыстыларынан басқа дыбыстары бар барлық сөздер түркі тілінде /й-/ мен басталады. Сол шумер тілінде /д-/

дыбысымен басталатын және алғашқы буында езулік-қысаң «и» дауысты дыбысы бар *дириг* сөзінің үш түрлі мағынасында болуы және осы үш түрлі мағына үшін түркі тілінде үш түрлі сөз қолданылатыны назар аудартады: *ириг* «қатал, дөрекі; ірі» (Құтты білік), *ирк*- «жинау» (Диуани лұғат ат түрк), *йырық* «жырық» [1, 6].

Осман Недим Туна шумерше «с/ш» түркіше «й/Ø» эквиваленттілігіне байланысты жалпы 13 мысал келтірген:

сиг «prime, good» ~ *йиг* «жақсы, жақсырақ»;

силиг «hand» ~ *елиг* «қол (елі)»;

сулу «road» ~ *йол* «жол»;

шег- «rain» ~ *йағ*- «жауу»;

шир «singen» ~ *йыр* «жыр, ән»;

шурум «half» ~ *йарым* «жарым, жарты»

шиш «palace lady» ~ *иши/еш* «ханым;

жұбай».

Шумер мен түркі тілі арасында «з»/«й/Ø» сәйкестігі де үш мысалдан көрінеді:

заг «border» ~ *йақ* «жақ, тарап»;

зал «glanzen» ~ *йал*- «жалындау, алаулану»;

залаг «hell» ~ *йалың* «жалын; жалаңаш» [1, 10].

Осы сөздердің тек екеуінде с- (ш-/з-) ~ Ø эквиваленттілігі кездеседі: *силиг* ~ *елиг* «қол (елі)»; *шиш* ~ *иши* «ханым». Шумер тілінде д-, т-, г-, н-, с-, ш- және з- дауыссыз дыбыстарымен басталып, алғашқы буынында езулік-қысаң ы, и дауысты дыбыстары бар барлық сөздер түркі тілінде Ø- (сөз басында «й» дыбысының түсуі) бола бермейді. Алайда, келтірілгендерден тек екі мысалдан алғашқы буынында «ы, и» дауыстылары бар сөздердің басындағы дауыссыздың түскені көрінеді. «Елиг» сөзі көне түркі тілдеріндегі мәтіндерде «ё» дыбысымен берілген. Бұл «е-и» арасындағы бір дыбыс болып саналады, яғни «е» дауыстысына қарағанда қысаңырақ айтылады. Сол себепті шумер тіліндегі сөз басындағы «с» дыбысының эквиваленті «Ø» (нөлдік форма) болуы мүмкін.

Бұл баламалардан бөлек шумер мен түркі тілдері арасында «г»/«Ø, й» эквиваленттілігі де бар:

гид «entfernen» ~ *ыд*- «жіберу, босату», *ыдук* «құтты, киелі (ұйық (жер ұйық))»;

гиш «wood, tree» ~ *йыш* «орман; қалың жыныш»;

гишким «willow» ~ йылғын/ылғын «жыңғыл» [1, 6-7].

Осылардың ішінде «жіберу» мағынасындағы ыд- етістігі Орхон ескерткіштерінде йыд- формасында да кездеседі: *анча йыд-миш* «осылай жіберген екен» [2, 78].

Шумер мен түркі тілдері арасында «н/й» дыбысының сәйкестігі де байқалады:

над9 «*sich niederlagen, beschlafen; sich lagern*» ~ йад- «жаю, төсеу»;

нигиг «*tabou*» ~ йығ- «тыю»;

нигин «*summe*» ~ йығын «үйінді, (сөзбе-сөз: жиынды)»;

нунуз «*bead*» ~ йинчү «інжу»

нурум «*licht*» ~ йаруқ «жарық» [1, 9].

Бұл эквиваленттерді біртұтас қарастырғанда жалпы түркі тіліндегі «й» шумер тілінде «д-, т-, г-, н-, с-, ш-, з-» дауыссыздарымен берілгендігі анықталады.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі «ж» дыбысының даму тарихы көне түркі ескерткіштері мен қазіргі түркі-алтай тілдері деректері негізінде салыстырылып талданады. Тілдік талдауларда негізінен салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылады.

Талқылау

Түркі тілдері орал-алтай тілдер тобының алтай тармағына жатады. Жалпы түркі тілдеріндегі /й-/ дыбысының моңғол және манжұр-тұңғыс тілдеріндегі баламалары арасында /д-/ , /н-/ және /с-/ дыбыстарының фонетикалық нұсқалары кездеседі. Сөз басындағы «й» дыбысының алтай тілдеріндегі көрінісіне төмендегідей мысалдарды келтіруге болады:

«Протомоңғолша *й, моңғол жазба тілінде «й»(1) және Ø(2); манжұр-тұңғысша кей дауыстыдан бұрын «й», алайда басқа дауысты дыбыстардың жанында *й, *е дыбыстарына ауысады. Прототүркіше *й (> з, ч, с тілдеріне сәйкес). Көне түркіше «й» моңғол жазба тілі және моңғол тілдерінде ортақ алтайша *й, *ы, *и дыбыстарынан бөлек

барлық дауыстылардың алдында «й» болып қолданылады. *ы, *и дыбыстарының алдында болса, *й түсіп қалады. Түркі тілдерінде «й» дыбысың қолданысы әбден зерттелген. Негізгісі деп есептелетін *й дыбысы прототүркі тілінде *дж, *н, *ң және *д дыбыстарына да сәйкес келеді. Моңғол тілінде *йада*- «істей алмау, қиналу», орта ғасыр моңғолшасында *йадагу* «әлсіз» = чуваш т. *суран* < көне түркіше *йадағын/йадаг* «жаяу» [3, 51-52].

Түркі тілі протоалтай тілінен бөлініп, дербес тіл ретінде қалыптасқаннан кейін көне батыс және көне шығыс түркі тілі болып екіге бөлінді. Түркітану ғылымында көне батыс түркі тіліне «лир» тілі, көне шығыс түркі тіліне «шаз» тілі деген терминдер қолданыла бастады. Көне батыс түркі тілінің қазіргі таңдағы жалғыз өкілі – чуваш тілі. Енді түркі тіліндегі «й» дыбысының чуваш тіліндегі баламасы Алтай тілдеріндегі нұсқаларымен салыстырылғанда төмендегідей болады:

1. ПТ (прототүркі) *й- (< ПТ (1) *д-) > чув. с-; КТ (Күлтегін) й-, ЖТ (жалпы түркі) й-, дж-, д-, ч-, ж-, с-; моңғол, манжұр, тұңғыс тілдерінде д-.

а. Чуваш т. *силхе* «йеле» (жал) < *йелкей) < деелкей); түрік т. *йеле* «жал», якут т. *сиел*, халач т. *йаал* «жал»; моңғол т. *дел*; манчу т. *делун* «жал».

2. ПТ *й- (< ПТ (1) *дж-) чуваш > с-; КТ й-, ЖТ й-, дж-, ч-, ж-, с-; моңғол, манжұр, тұңғыс дж-.

а. Чув. *си-* «жеу» < *йее-; Орхон. *йе-*, *йи-* «жеу», МҚ (Махмуд Қашқари) *йиш-*, түрікмен *ий-*, түрік *йе-*, қазақ *же-*, қырғыз *дже-*, якут *сие-* «жеу»; моңғол т. *джеме* «өлексе; тамақ қалдығы»; манчу т. *дже-* «жеу».

3. ПТ *й- (< ПТ (1) *й-) чуваш т. с-; КТ й-, ЖТ й-, дж-, ч-, ж-, с-; моңғол, манчу және тунгус т. й-.

а. чуваш т. *суран* «жаяу» < *йадағын; Орхон ескерт. *йадаг/йадағын*, МҚ *йадаг* «жаяу», түрікше *йайа*, ноғай т. *йайау*, қазақша *жаяу*, тагар т. *жейеу*, хакасша *чазаг*, тува т. *чадаг*; моңғол. *йада-* «жасай алмау, істей алмау».

4. ПТ *й (< ПТ (1) *н-, *ң-) ; чуваш. с-; КТ *й-, ЖТ й-, дж-, ч-, ж-, с-; моңғол, манжұр және тұңғыс т. н-, ң-.

а. Чув. сур «жаз» < *джар < *ңаар2 > манчу т. *ниаар* «жаз»; МК *йааз* «жаз», түрікмен т. *йааз*, башқұртша *йад*, якут т. *саас*, халач т. *йааз*; моңғол *нирай* «жаңа туған, жаңа», *наран* «күн»; манчу т. *нархун* «жаңа; көк»; корейше *ңийерим* «жаз» [4, 41].

«й» дыбысының «н» дауыссызына ауысуына байланысты да мысалдар жеткілікті, мәселен, түркіменше *йағмыр*, ұйғырша *йамгур*, өзбекше *йомғир*, алтайша *дыаңмыр*, қырғызша *джамгыр* деп дыбысталады «жаңбыр» сөзі шор тілінде *нагмур* деп өзгерген. Түрік т. *йумурта*, башқұрт т. *йомортқа*, қырғыз т. *джумуртқа*, татар т. *йомырқа* деп айтылатын «жұмыртқа» сөзі қарашай-балқар тілінде *нымыртқа* деп айтылады.

Орхон ескерткіштерінде таңдай алды «й» дауыссыз дыбысы сөздің барлық позициясында кездеседі:

«Сөз басында: *йабыз* «жаман», *йер* «жер», *йыл* «жыл» *йол* «жол», *йулы* «тонау», *йарлықа* «жарлықау» және т.б.» [2, 68].

Көне түркі мұраларында сөз басындағы «й» дыбысының түсіп немесе қосылып жазылғаны да көрінеді: *амрақ/йымрақ* «сүйікті (емірену етістігі осымен байланысты)», *ем/йем* «ем», *ыгла-/йыгла-* «жылау», *инчке/йинчке* «жіңішке», *ирин/йирин* «ірін», *ыр/йыр* «жыр (қырғыз тілінде «ыр»)» [25, 39].

Түркі тілдеріндегі /й-/ дыбысының көне батыс түркі тілінің заңды жалғасы боп саналатын Дунай бұлғар тіліндегі /д-/ дыбысына сәйкес келетіні белгілі. Бұл баламалардың барлығы кездейсоқ емес: «Дилом (дилом)» = жалпы түркі тілдерінде *йылан*, қырғыз т. *джылан*, қазақ тілінде *жылан*, тува т. *чылан*, якутша *сылан*, чуваш т. *силен*. Дилом сөзіндегі Δ «дж» дауыссыз дыбысына жақын таңдай алды «д» дауыссызын білдіреді. Түркі тіліндегі «й» дыбысына сәйкес келетін бұл дауыссыз мажар және көне славян тіліне кірген көне бұлғарша сөздерде де байқалады: мажар т. *diö* «жаңғақ» < *гйиво* < **джиғағ* = ортағасыр түркі мұраларында (МК) *йагақ* «жаңғақ», шағатай жазбаларында *йанак/янага*, қырғызша *джанғақ*, қазақ т. *жаңғақ*, ұйғырша *янақ* [5, 14]. Мажар т. *d'ürü* «жүзік», түркі тілд. *йүзүк* = көне чуваш т. **джүрүт* > чуваш

т. *сыры* «жүзік». Мажар т. *d'öngy* «інжу», көне түркі *йинчү/жинчу*, түрік, әзербайжан, татар тілд. *инжи*, қарақалпақ т. *хинжи*, башқұрт т. *ынйы*, өзбек т. *инжу*, ұйғыр т. *үнче*, тува т. *шинжи*, чуваш т. *енче* «інжу», моңғол т. *енчү*, орыс т. *жемчуг* (KTLS 388). Мажар т. *d'aryü* «жүн» < көне батыс түркі тілі (көне чуваш) **джапагу* = түркі т. *япагы*, көне түркі *йуң* *йан/йангут* «иленбеген жүн». Мажар т. *d'art-* «жарату» < көне батыс түркі тілі **джарат-* = түркі тілдерінде *йарат-*, т.б. [27].

Жалпы түркі тіліндегі «й» дыбысына сәйкес келетін протобұлғар тіліндегі *д- дыбысы Орал өзенінің түркіше (қазақша) атауы Йайық (Жайық) сөзінің ежелгі Византия дереккөздерінде «Дайк» деген формасында сақталған [6, 74].

Қазақ тіліне келсек, ол түркі тілдерінен қыпшақ тобына жатады. Қыпшақ тілі туралы ең көне мәліметтерді Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты құнды жәдігерінен табамыз. Бұл ескерткіште сөз басында кездесетін /й-/ ~ /ж-/ дыбыстары туралы келесідей мағлұмат келтірілген:

«Оғыздар мен қыпшақтар сөз басында «й» дыбысы кездесетін зат есімдер мен етістіктердің алғашқы әріптерін «ж» дыбысына айналдырған. Түркілер *йинжү* деп айтатын нәрсені бұлар *жинжү* деп атайды. Түркілер түйенің жүніне *йүгду* десе, оғыздар мен қыпшақтар *жүгду* дейді».

Қыпшақтар мен оғыздардың сөз басындағы «й» дыбысын түсіріп айтатынына қатысты мәліметті де осы ескерткіштен табамыз:

Басқа түріктер жолаушыға *йелкин* десе, оғыз бен қыпшақтар *елкин*, олар (яғни басқа түріктер) *жылы сұны йылыг сүв* деп айтса, бұлар (қыпшақ пен оғыз) *ылығ* деп айтады (DLT 26/12) [7, 12].

Қазіргі күнгі оғыздарда сөз басындағы «ж» дыбысты сөздер кездеспейді, ал қыпшақ тілдерінен қазақ, қырғыз, қарақалпақ және қарашай-балқар тілдерінде «ж/дж» дыбысы қолданылады. Татар тілінде «й» кең таралғанмен, «ж» езулік дауыстылардың алдында айтылады.

«Махмұд Қашғари оғыздардың да сөз басында кездесетін «й» дыбысының орнына

«ж»-ны қолданғанын атап өткендей, орта ғасырдағы оғыз ескерткіші Оғыз қаған дастанында да «ж» дауыссызына жақын «ч» дыбысын кездестіреміз:

«Көне түркі йал ~ Оғыз қаған чал «жал», көне түркі йалбар- ~ Оғыз қағанда чалбар- «жалбарыну», көнеше йарлық ~ Оғыз қаған чарлық «жарлық» [8, 222].

Көне бағыс түркі тілінің тағы бір өкілі Дунай бұлғар (көне чуваш) тілінің жалғасы Еділ бұлғар тілінде /д’-/ фонемасы /ж-/ дыбысына өзгерген:

Еділ бұлғар т. جال жаал «жас» (<*йаал2) = чуваш т. сул = ЖТ йаш «жас».

Еділ бұлғар т. جۇر жүүр «жүз» (<*йүүр2) = чуваш т. сир = ЖТ жүз [4, 43].

Қарахан дәуірінің жалғасы Хорезм түркі тілінде жаппай «й» дыбысы қолданылған. Алайда, кейбір тұстарда сөз басындағы й-дыбысы түсіріліп жазылған: йығач «ағаш» ~ ағач «ағаш», йыгла- ~ ыгла- «жылау», йырақ ~ ырақ «жырақ» (ММ.48:11), йышы- «жарқырау» ~ ышык «жарық» (NF.241:6)..», йилик ~ илик «жілік», йинчке ~ инже «жіңшке», йинчү ~ инжи «інжу», йип ~ ип «жіп», т.б. [9, 14].

Тарихи қыпшақ ескерткіші «Кодекс Куманикуста» сөз басында кездесетін «ж» дыбысының да қолданылғаны байқалады (негізінен «й» тұлғасында көбірек кездеседі):

жемиш «жеміс»; йемиш, йимиш деген формаларда да бар;

жығыл- «жығылу»; сонымен қатар: сыхыл-, жықыл-, йығыл-, йыкыл-;

жыл «жыл»; салыст. ыл, йыл, йил [10, 43].

Бұлардан бөлек, сөз басында «ж» дыбысымен басталатын жылан, жылтра-, жырт-, жыв-, жый- сияқты сөздер де бар.

«Ж» дыбысының қыпшақ мұраларынан тек Кодекс куманикуста ғана сақталғаны назар аудартады. Бұл ескерткіштің қазақ тіліне ең жақын екендігі тағы бір көрінісі осы. Ал мәмлүк қыпшақ жазбаларында «ж» дыбысты нұсқалар кездесе бермейді. Мәмлүк қыпшақ мұраларында сөз басындағы «й» дыбысының сақталғандығымен бірге ол дыбыстың түсіріліп жазылғандығы да байқалады: йыгла- «жылау», салыст. агла-, ыгла-, ыла-, йагла-, йыйла-; йырақ «жырақ», салыст. ырах, ырақ [10, 321].

Сөз басында кездесетін «й» дыбысы шағатай тілінде тек осы нұсқада қолданылған, тек бір мысалда ғана сөз басындағы «й»-ның «ч» дауыссызына ауысқаны көрінеді: чеш- < йеш- «пешу» [11, 95]. Шағатай жазбаларында сөздің алғашқы буынында езулік-қысаң «ы, и» дауысты дыбыстары бар сөздерде «й» дыбысының түскені байқалады: ылқы < йылқы «жылқы», ылан < йылан «жылан», ылдырым < йылдырым «найзағай», йылқы > ылқы, йыпар > ыпар «жұпар». Шағатай дәуірінен бұрынғы тарихи кезеңдерде (көне түркі мен қарахан дәуірі) де алғашқы буынында езулік-қысаң «ы, и» дауысты дыбыстары бар кейбір сөздердің сөз басындағы «й» дыбысы түсіп жұмсалғаны белгілі: йығач < ығач «ағаш», йыгла- < ыгла- «жылау» [11, 97].

Нәтижелер

1907 жылғы Абай қара сөздерінің Мүрсейіт қолжазбасында «ж» дыбысының «й» дауыссызымен жазылғанына байланысты мысалдар:


Орта Азия түркілері XV-XX. ғғ. арасында әдеби тіл ретінде шағатай жазба тілін қолданды. Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» – «Китаб-ы Аклийе» атауымен Мүрсейіт тарапынан 1907 жылы жазылған жазба шығарма. Қазақ тіліндегі алғашқы жазба мұралардың бірі саналса да, шығармада сол кезеңнің әдеби тілі шағатай тілінің әсері байқалады.

Жалпы түркі тілдеріндегі сөз басында кездесетін «й» дыбысы қазақ тілінде «ж» дыбысына сәйкес келеді. Бұл сәйкестік араб және парсы тілдерінен енген сөздерде де байқалады. Қазақ тіліндегі жазба мәтіндердің бірі 1907 жылғы Мүрсейіт жазбасында да «ж» дыбысымен басталатын сөздер көп кездесумен қатар, «й» дыбысымен жазылғаны да көрінген; «й» және «ж» дыбысты фонетикалық нұсқалары бар сөздер де кездеседі. Бір сөздің «й» және «ж» дыбысты нұсқаларын салыстырып қарағанжа «ж» дыбысты нұсқасының қолданылуы жиірек екендігі байқалады. Алайда, кейбір мысалдарда қолдану жиілігінің тең немесе


бірнеше сөйлемде «й» дыбысты сөздердің қолданысының басым екендігі де көрінеді.

«Қара сөздер» қолжазбасында «й» дыбысы бар мысалдар төменде берілген:


1. жеміслерні өндүрүп көзге көрк көңілге рәһат гүл бәйчечеклерні ағач йафрақларны қант қамыс... (62/1).



2. һаттә ара балын балауызын құрт йифегин һеммесі адам баласының файдасына йасалып һіч бірінде бұл менікі (62/6).



3. көзі менен қарағанда екісі де бірінен бірі көп йырақ кетпейді (64/11) [12, 73-75].



Қара сөздер қолжазбасында көңіл аударатын тағы екі мәселе бар:

1. Шағатай тілінде сөз ішіндегі «п» дауыссызы «ф» дыбысына сәйкес келеді. Қазақ тілінде сөз ішіндегі «п» дыбысымен жазылып жүрген бұл мысалдардың 1907 жылғы қолжазбада шағатайшадағыдай «ф»мен жазылғанын көреміз: йафрақларны, йифегин, кирфик, тофрагы. Мұны жазба тілдің дәстүрімен байланыстырамыз. Яғни қазақша жазылған мәтінде әлі де сол кезеңнің жазба тілінің әсері байқалады. Бұл көрініс жаппай көрінбесе де, кей тұстарда ғана көзге түседі.

2. Түркі тілдерінде қысаң дауыстылардың алдында сөз басындағы «й» дыбысының түсуі деген мәселе бар. Жалпы түркі тілдеріндегі сөз басындағы «й» дыбысы қазақ тілінде «ж» дыбысымен сәйкес келуімен қатар,

Абайдың қара сөздер қолжазбасындағы йифек мен йырақ сияқты мысалдар қазақ тілінде «ж» дыбысымен беріледі (жібек, жырақ). Мысалдардағы езулік-қысаң «ы, и» дауысты дыбыстарының алдындағы «й» дыбысы Анадолы түрік тілінде түсіріліп жұмсалады: ипек, ырақ. Ал қолжазбада «ж» дыбысының түсуне байланысты мысалдар кездеспейді.

Яғни шағатай, осман мұраларында және қазіргі оғыз бен қарлұқ тілдеріндегі кей дауысты дыбыстың алдында «й» дыбысы түссе де, қолжазбада ондай құбылыс байқалмайды. Абайдың қара сөздер қолжазбасында «й» және «ж» дыбысымен жазылатын түркі тілді сөздер төмендегі кестеде көрсетілген. Бұл кестеде сөздердің қолданыс жиілігі жақша ішінде берілген. Қолданыс жиілігі есепке алынғанда сөз түбірлері негізге алынып, бір түбірден тарайтын сөздер жеке-жеке берілді. Мысалы, жақсы сөзінен шыққан жақсылық сөзі жақсы сөзінің ішінде қарастырылды:

й-	ж-
йахшы 29/1 (3)	жақсы 13/14 (62)
йақын бол- 72/1 (1)	жақын бол- 73/15 (2)
йала 42/6 (1)	жала жап- 48/8 (1)
йалған 68/15 (1)	жалған 11/1 (4)
йап- 61/20 (1)	жап- 15/9 (2)
йара- 61/3 (1)	жара- 12/3 (20)
йарат- 61/6 (3)	жарат- 24/16 (36)
йарым 57/16 (6)	жарым 22/15 (6)
йарты 65/7 (2)	жарты 22/15 (1)
йасал- 62/7 (1)	жаса- 66/14 (13)
йаз- 28/1 (9)	жаз- 23/9 (2)
йене 14/18 (25)	jäne 33/14 (2)
йер 27/4 (1)	жер 22/12 (35)
йет- 64/9 (7)	жет- 45/7 (41)
йеті 66/19 (1)	жеті 4/12 (1)
йыл 68/1 (3)	жыл 41/12 (1)
йоқ 57/13 (6)	жоқ 10/13 (125)
йол 65/15 (5)	жол 31/10 (43)
йуқары 71/14 (2)	жоғары 40/12 (2)
йүз 63/18 (4)	жүз 20/17 (6)

Кестедегі жақша ішінде берілген сөздердің қолданылу жиілігінен байқағанымыздай, «ж» дыбысымен басталатын сөздер жиі қолданылған. «Й» дауыссызымен жұмсалған сөздердің ішінде «ж»ға қарағанда жиірек қолданылғандары төртеу ғана, бұлар: *йарты, йазу, йене, йыл*. Бұдан басқа «й» дыбысымен басталатын сөздердің құрамында қазіргі қазақ тіліне тән басқа фонетикалық өзгерістердің болмағандығы, бұл сөздердің түпнұсқасына сай жазылғандығы айқындалған.

й- ~ ж- дыбыстарының кезектесіп қолданылуы жыраулар поэзиясы қолжазбаларында да байқалады: жиырма (XI-26, 569) ~ йигирме (748-2, 11), жалаң аяқ (XI-20, 402) ~ йалдың аяқ (608-3, 17) [13, 551]. Жыраулар поэзиясы мәтіндерінде «й» дыбысымен басталатын сөздер қара сөздермен салыстырғанда әлдеқайда сирек кездеседі. Жазылу тарихы жағынан айырмашылық болса да, 1907 жылғы қара сөздер қолжазбасы мен жыраулар поэзиясы қолжазбасында /ж-/ дыбысымен басталатын сөздер әлдеқайда көбірек екені көрінеді.

й/ж ауысуы тілдің ішкі құрылымында пайда болған жылдам, табиғи айналымның нәтижесі емес. Аталған қолжазбалардағы «й» дыбысымен берілген сөздерді сол кезеңнің әдеби жазба тілі шағатайшаның әсерінен жазылған болуы мүмкін. Қолжазбаларда /ж-/ дыбысымен жазылған сөздердің басым болуы қазақ тілінің жеке жазба тіліне ауысқанын көрсетеді. Десек те онда әлі де шағатайшаның іздері сақталған болатын.

«Ж» дыбысының қазақ тіліндегі қолданысына келер болсақ, жалпы түркі тілінде сөз басындағы /й-/дыбысы қазақ тілінде /ж-/ болып жұмсалады. Бұл құбылыс қарақалпақ тіліне (қарақалпақ тілін қазақшаның говоруы деп классификациялаған ғалымдардың бірі Т.Текин) де тән, қырғыз тілінде «дж»ға сәйкес келеді: *йоол, түрік т. йол «жол», әзербайжан т. йол, түрікмен т. йол, қазақша жол, қарақалпақ т. жол, қырғыз т. джол [14, 59].

Кей түркі тілдерінде «й» дыбысы сөз басында түскеніндей (жыр/ыр, жырақ/ырақ, жылы/ылық) қазақәдеби тіліндесөзбасындағы

«ж» дыбысы түспейді. Бірақ қазақ тілінде бұрыннан қолданып келе жатқан сөздерде «ж»ның түскенін аңғарамыз, мысалы: жұбат-, жуат-/уат-, жұбан-/уан-, жұбаныш/уаныш; жекіренде-/әкіренде-; желбегей/елбегей [15, 338], жыра/ыра, біржолата/біротала, япырым-ай/апырым-ай, жалма-жұлма/ұлма-жұлма, ылдым-жылдым, ыбыр-жыбыр, ырым-жырым, ың-жың, ебір-жебір, жәмпейлесу/әмпейлесу, жүзім/үзім (изүм), Жасыл/Есіл (өзен аты), т.б.

Оғыз тілдеріндегі *йува* сөзінің де қазақ тілінде «й»нің түсіріліп ұя болып қолданылуы да сәйкестік емес деп ойлаймыз.

Ауызекі тілде сөз тіркестеріндегі «ж»ның түсіріліп айтылуы жиі кездеседі, мәселен: бара жатырмын / баратырмын, келе жатырмын / келйатырмын / келәтырмын.

Бұдан бөлек әдеби тілдегі /ж-/ның /з-/ дыбысына ауысатынын байқаймыз: желетке ~ зелетке, жүк ~ зүк [16, 235], якорь ~ зәкір, жәбір ~ зәбір, жапа ~ запа, жекіру ~ зекіру, жытыру ~ зытыру.

«ж»ның «з»ға айналуы сөз ортасында да кездеседі: ежелден/әзелден.

Кейде сөз басындағы «ж» «ш»ға ауысады, мысалы араб, парсы формаларынан құралған *жүздан* «әмиян» сөзінің *шилан* (қарақалпақ т. шижлан, түрік т. cüzdan) тұлғасы говорларда айтылады. Әдеби тілдегі *жегу* етістігінің говорларда *чегу* (Моңғ; Шығ. Қаз., Зайс.) деп айтылуы осындай мысалдар қатарына жағады. Сол секілді қазақ әдеби тіліндегі *шешу* етістігі көне *йеш-* етістігінен өзгерген, ол шағатайшада *чеш-* боп айтылған.

Қазақ тілі «ж» тілі десек, көне түркі *йинчү* сөзі әдеби тілде *жиншү, жинжү* тұлғаларында келуі керек еді. Алайда көне түркі тіліндегі *йинчү* сөзінің қазақ тіліндегі баламасы *інжу* (ауызекі тілде *енжу* деп те айтылады) екені белгілі [17, 951].

Көне түркі мұраларында «й» дыбысымен жазылған сөздер қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде түсіріліп айтылады. Бұл құбылыс алғашқы буынында «ы, и» езулік-қысаң дауысты дыбыстары бар сөздерде байқалады. Сәйкестіліктің бұл түрі әзербайжан, түрік, қарашай-балқар тілдерінде көбірек кездеседі.

Түріктіліңде «ы/й» дауыстылардың алдындағы «й» дыбысының түсуіне байланысты мысалдар: йылығ (көнетүркі) > ылық (түрікше) «жылы», йигде > иде «жиде», йинчке > инже «жіңішке», йырақ > ырақ «жырақ»; йигренч > иренч «жиіркенішті», йилик > илик «жілік», т.б.). Әзербайжан тілінде езулік және еріндік дауыстылардың алдында түсіріліп айтылады: йылдырым > илдырым «найзағай», йылдыз > улдуз «жұлдыз», йүрек > үрек «жүрек», йигит > ийид «батыр», йирми > игирми «жиырма», йутмақ > удмағ «жүту», т.б. Қыпшақ тілдері ішінде салыстырмалы түрде қырғызшада аталған құбылысқа мысалдар көбірек кездеседі: йыр > ыр «жыр», йығла- > ыйла- «жылау»; ыйлаақ «жылауық»; йылдам > ылдам «жылдам», йылық > ылық/ылы (Ылы сууда ит үрөт (жұмбақ: бақа) «жылы»; йырақ > ырақ «жырақ». Қазақ тіліндегі йинчү > інжу сияқты бір-екі көнеден келе жатқан мысалда ғана кездеседі. Алайда, қазақ тілінде езулік-қысаң «ы, и» дауысты дыбыстарынан басқа дауысты дыбыстары бар кейбір сөздерде де сөз басындағы /ж-/ дыбысының түскені көрінеді: жұбат-/уат-, жұбаныш/уаныш; жекіренде-/әкіренде-; желбегей/елбегей, т.б.

Қазақ тілінде ертеде кірген кірме сөздерде де /й-/~/ж-/ өзгерісі көрінеді. Бірақ 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында араб және парсы тілді сөздер түпнұсқасына сай жазылғандықтан сөз басындағы /й-/ дыбысы өзгеріссіз берілген: йа'ни 46/1, йәдигәр 57/3, йақини 10/13 сияқты. Қазақ тілінде бұл сөздердің ішінен йа'ни сөзі сөз басындағы /й-/ (яғни) дыбысының сақталуымен жазылады.

Ертекезеңдерде орыстілінен енген сөздерде «ж» дыбысына ауысу құбылысы байқалады: ящик > жәшік, ярмарка > жәрменке. Парсы тілді сөздерде де өзгереді: йәд > жады, йаран > жарандар, йардем > жәрдем. Араб тілді кісі аттары да осы ережеге бағынады: Йунус > Жүніс, Жүнісбек; Йусуф > Жүсіп-Дүсіп-Нүсіп-Түсіп) [18, 553].

«е» дауысты дыбысынан басталатын кірме сөздер де қазақша дыбысталғанда «йе» деп оқылады. «йе» түрінде оқылған сөз қазақ тілінің айтылу заңына сәйкес «ж» дыбысына ауысқан. Бұл ауысу ертеректе көрінген: еврей

> йеврей > жебрей; Егор > Йегор > Жагор; Европа > Йевропа > Жауропа (орыс тілінен аударылған кәрі құрлық дегеннің орнына қазақшалап жауропа (бұлай алаштықтар да жазған) деп қолданылған әлдеқайда дұрыс деп ойлаймыз); есир (арабша) > йесір > жесір, т.б.

Қазақ тілінде яки, я (жә), йа (йа, Алла) (бірақ «йа рамазан» тіркесінде ғана жарапазан боп, «ж» дыбысына ауысқан ауысқан), яғни, япырым-ай, яр (Бақтияр атындағы «жар» мағынасындағы «яр» сөзі) деген сөздерде сөз басындағы «й» дыбысы «ж»ға ауыспаған.

ж/й нұсқалары сөз ортасында да көзге түседі: аждаһа/айдаһар, нажағай/ найзағай, ажырату/айыру, ажырасу/айырылысу, ұжым/ ұйым, т.б.

«Й» дыбысының түркі тілдеріндегі көрінісіне келсек, түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестілігін айқындауда «й» дыбысынан басталатын сөздерді тірек-таяныштардың бірі ретінде негізге алудың қажеттілігі жайлы К. Аханов жазады.

«Бұл дыбыстан басталатын сөздердің сәйкестілігі түркі тілдерінде екі түрлі жолмен болады: 1. й/нөлдік форма; 2. й/ж/дж/з/д/ч/с [26, 265].

Сөз басындағы «й» дыбысы түркі тілдерінде кеңірек таралған: *йōл, Күлтегін ескерт. йол, түрік т. йол, құмық т. йол, гагауз т. йол, қырым-татар т. йол, түркімен т. йōл, ұйғыр т. йол, ноғай йол, өзбек т. йол, әзербайжан т. йол, т.б.

Енді кейбір түркі тілдеріне сөз басындағы «й» өзге дауыссыздарға өзгерген:

й > дж: *йёр «жер», қырғыз т. джёр, қарашай-балқар т. джёр, қарақалпақ т. диал. джөр;

й > дж'. Татар тілінде сөз басындағы «й» дыбысы жіңішке айтылатын дж' дауыссызына айналған. Бұл өзгеріс негізінен еріндік дауыстылардың алдында байқалады (басқа дауыстылардың алдында «й» дыбысы сақталады): *йёр «жер», татар т. дж'ир (қазақ тіліндегі «ж» болса «дж» аффрикатының әлсіреуі нәтижесінде (дж > ж) пайда болды деп топшыланады, яғни ең алғаш «дж» болып, одан «ж» боп өзгерген).

й > ч. Сөз басындағы «й» дыбысының «ч» дауыссызына айналуы хакас, тува және шор тілдеріне тән: *йақа «жаға», хакас т. чаға, тува т. чаға (сол секілді қазақ тіліндегі *шешу* етістігі көне *йеш*- етістіген тараған, ол шағатайшада *чеш*-боп өзгерген). Бұл тілдерде сөз басындағы «ч» дыбысы «й» дыбысынан тарайтын дж аффрикатының қатаңдануы нәтижесінде дамыған.

й > д'. Мұндай өзгеріс алтай тіліне (оның телеүіт диалектісіне) тән: *йақа «жаға», алтай т. д'ака (Жүсіп атының Дүсіп деп өзгеруі осы сәйкестікке ұқсайды);

й > с'. «й» дыбысының с' дауыссызына айналуы тек чуваш тіліне тән: *йақа «жаға», чуваш т. *с'уга*;

й > с. Мұндай өзгеріс тек якут тілінде бар: *йақа «жаға», якут т. *сага* [14, 60]. Қазақ тіліндегі *сага* сөзі де осы ауысу нәтижесінде туған сөз болса керек. Сонымен бірге, *сан сақ* (*ойым сан саққа тарады*) деген тіркестегі сақ формасы «жақ» сөзінің фонетикалық варианты болуы мүмкін. *Жаза/саза/сазай, жагал/сагал* секілді мысалдар осындай құбылыстың белгісі.

й > з. Бұл құбылыс татар тілінің мишер диалектісінде көрінеді: *зул* «жол», *зер* «жер», *зук* «жүк» (қазақ тілінде орысша *якорь* сөзінің *закір* деп ауысуы бұған жақын) [26, 265].

«ж/й» алмасуы тек түркі тілдерінде ғана емес үнді-еуропа тілдерінде бар екені белгілі, мәселен *Йосиф/Жосеф* секілді есімдер екі дыбысты нұсқада айтыла береді.

Қазақ говорларындағы «ж» дыбысының ауысуына келсек, қазақ әдеби тілінде жалпы түркі тіліндегі сөз басындағы /й-/ дыбысы /ж-/ болып қолданылғанымен қазақ говорларында /й-/ дыбысына ауысқанына байланысты мысалдар жоқ емес:

Қазақ әдеби тілінде сөз басындағы «й» дыбысы «ж» дауыссызына сәйкес келеді. Алайда, қазақ тілінің Оңтүстік говорында «й» дыбысы да айтылады (көбіне тіркес, сөйлемдерде, мысалы: мына йер, қайақ, сойақ, т.б.). Қазақстанның бірқатар аймағында (Оңтүстік пен Шығыста) «дж» аффрикаты болып та жұмсалады [14, 60].

Маңғыстау говорында сөз басындағы /ж-/ның орнына /д-/ дыбысының

қолданылғандығына байланысты бір мысал келтіріледі: дүзі – қайтыс болған адамның өлімінен жүз күн өткеннен кейін жасалатын дәстүрлі рәсімі. *Ертең кемпірімнің дүзі, мынау –соған дайындаған малым*. Бұл сөз негізінен *дүзін беру* түрінде қолданылады [19, 83]. Адамның бет-әлпеті мағынасындағы жүз бен «суға түсу, шомылу» мәніндегі *жүзу* сөздері ауызекі тілде *дүз* және *дүзу* деп айтылады. *Алба-жұлба* қос сөзі кейде *алба-далба* деген түрінде жұмсалады. Сол сияқты *дүзік, дүзіқара, дүзім* мысалдары бар.

ж/д алмасуы сөз ортасында да байқалады: ажыраңдау, әжіреңдеу/әдіреңдеу, бажырақ/бадырақ, бажырайып қарау/бадырайып қарау, бежірейген/бедірейген, ожыраңда/одыраңда, шұлжін/шүлдір, т.б.

Оңтүстік говорындағы бір мысалда «ж»ның /ш-/ дыбысына өзгергені кездеседі: шалпаңдау ~ жалпаңдау [16, 235].

Бұдан басқа оңтүстік говорында сөз басындағы /ж-/ дыбысының /дж-/ болып айтылуына байланысты мысалдар кездеседі: жылқы//джылқы, жеп//джеп, жер//джер сияқты [20, 133].

Әдеби тілдегі сөз басындағы /ж-/ дыбысының шығыс говорында да /дж-/ түрінде айтылатындығы анықталды: жоқ//джоқ, жігіт//джігіт, жайлау//джайлау, жойбар//джойбар.

Н.Ф. Катанов Катаринский жазған грамматика кітабын зерделеп Тарбағатай аймағындағы халықтың тілінде сөз басындағы «ч-, дж- дыбыстарының кездесетіндігін атап өткен болатын [20, 58].

Қазақ говорларында /ж-/ дауыссызымен айтылатын, әдеби тілде /д-/ дыбысымен жазылатын мысалдар да бар: домалау > жұмалау: *Таудан тары жұмалайды, артынан қаз қуалайды* (жұмбақ жауабы: көз жасы) (ДС 297), домалақ > жұмалақ, жалбақай > далбақай, жалбай > далбай, т.б. [21, 201].

Моңғолия қазақтарының тілінде: дішкине ~ жіңішке ине: *Көзім нашарлап кетіпті, дішкинеге жіп өткізе алмадым* [22, 208].

Алба-жұлба, жалба-жұлба деген қос сөз қазақ тілінде далба-дұлба, далба-жұлба деп айтылатыны «Вариант сөздер сөздігінде»

тіркелген [23, 106]. Ебір-жебір қос сөзінің ебіл-дебіл вариантының болуы «ж» дыбысының «д»ға ауысқанын көрсететіндей.

Қорытынды

Қазақ тілі қыпшақ тілдер тобына жатады. Ал тарихи қыпшақ тіліне байланысты алғашқы мәліметтерді XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрк» атты құнды жәдігерінен табамыз. М.Қашқари түркілердің /й-/ дыбысымен айтатын сөздерін қыпшақтар мен оғыздардың /ж-/ қылып айтатынын атап өткен. Одан кейінгі тарихи кезеңдерде мәлімет ұшыраспайды, тек қыпшақ ескерткіші «Кодекс Куманикуста» /ж-/ дыбысымен айтылатын сөздер баршылық. Орта ғасыр жазба мұраларында /й-/ның орнына басқа бір дыбыстың қолданылғанына байланысты мәлімет кездеспейді. Бұл жазба мұраларында /й-/ дыбысымен немесе /й/ дыбысынсыз жазылған сөздер кездеседі.

Прототүркі тіліндегі /*й-/ дыбысының көне батыс түркі тілінің алғашқы тарихи кезеңі саналатын дунай-бұлғар тілінде /д'-/; Дунай бұлғар тілінің жалғасы ретінде қабылданатын Еділ бұлғар тілінде /ж-/ ретінде жазылғандығы; бұл дыбыстың қазіргі таңда көне батыс түркі тілінің жалғыз өкілі саналатын чуваш тілінде /ç-/ дыбысымен сәйкес келетіндігі анықталған. Көне батыс және көне шығыс түркі тілінің жеке сағаларында ішкі немесе сыртқы құрылымдарына байланысты фонетикалық дамулардың (ауысулардың) орын алғандығы мәлім.

Осы күнгі қолымыздағы қазақ қолжазбалардың барлығы соңғы ғасырларда жазылған. Оның көбінде шағатай әдеби тілінің әсері байқалады. Алайда, XX ғасырдың бастапқы кезеңіндегі мәтіндерде қазақ тілінің ерекшеліктерінің басым екендігі және шағатай тілінің әсері азая бастағандығы көрінеді. Мүрсейіт тарапынан «Китаб-ы Аклийе» атауымен жазылған Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» араб әліпбиімен жазылған нұсқасы да осылардың бірі саналады. Жалпы түркі тілдеріндегі /й-/ дыбысы қазақ тілінде негізінен /ж-/ дыбысына сәйкес келеді. Алайда,

сөйлеу тілінде бұл дыбыс /дж-/ дыбысына жақын түрде айтылғанын да көруге болады. Қазақ тіліндегі түркі сөздерінде сөз басындағы /й-/ дыбысы тек қана екі сөзден тұратын күрделі құрылымдардың, сөз тіркестерінің екіншісі сыңарында ғана байқалады. ж/й дыбыстарының сөз тіркестерінде алмасуы қазақ тілі говорларының көпшілігінен көрінетін ерекшелік: бұл жер > бұ жер > бүйер >; ана жақта > ана йақта > анияқта > анақта, сол жақ > со жақ > сойақ, ол жақ > о жақ > ояқ, келе жатырмын > келйатырмын, т.с.с.); Алайда, бұл сөздер тіркестен бөлек жеке қолданылған кезде /ж-/ дыбысымен жазылады. Яғни, сөз басындағы /й-/ дыбысы тек қазақ қолжазба мәтіндерінде көрінеді. Қазіргі қазақ тілінде /й-/ дыбысымен басталатын сөз жоқ (кейбір одағай, шылаулардан басқа, я, яки, яғни, япырым-ай). Қазақ тілінің алғашқы жазба мәтіндерінде ұшырасатын /й-/ дыбысы кезеңнің әдеби тілі саналған шағатай тілінің әсерінен жазылды деп айта аламыз.

Жалпы түркі тілдеріндегі /й-/ қазақ әдеби тілінде /ж-/дан бөлек /з-/ дыбысымен да келеді. Кейбір нұсқаларда сөз басындағы /ж-/ дыбысының түсіп қолданылғаны кездеседі. Алайда әдеби тілдегі кірме сөздерде кездесетін /й/ дыбысының /ж-/, /д-/, /н-/, /т-/, /з-/ дыбысымен жазылғандығы анықталды. Әдеби тілде түркі сөздеріндегі /ж/ дыбысы қазақ говорларында /й-/, /д-/, /ш-/, /дж-/ дыбыстарымен алмастырылып та айтылады.

Түрік ғалымы Э.Джейлан алғашқы түркі тілі және проточуваш тіліндегі *й- фонемасының д- > дж- деңгейінен өтіп ç- болғанына байланысты дәлелдер бар екендігін атап өтті [4, 42]. Алайда алғашқы түркі тіліндегі *й- дыбысының чуваш тілінде /ч-/ дыбысымен берілгендігіне байланысты да мысалдар да бар. Чуваш тіліндегі /ч-/ дыбысымен берілген мысалдардың «дж» тілінен келгендігі жазылған.

Көне шығыс түркі тілінің құнды жәдігері Орхон ескерткіштері тілінде де түрлі говорлардың әсері болғандығы белгілі. Мысалы, бұл мұраларда «мен» есімдігінің бен-мен деген екі нұсқасы бар. Күлтегінде «бен» вариантының да бар болуы сол кезеңдегі оғыз тілінің ықпалы деп қарастырылып жүр.

Орхон ескерткіштерінен кейінгі көне ұйғыр кезеңінде де «й» және «н» говоры болғаны айтылады. Көне түркі тіліндегі конй «қой» сөзі бұл дәуірде қон ~ қой деп екі түрлі жұмсалған. Сол сияқты чиган «кедей, шығай» сөзі чиган және чығай деп қолданылған.

Қазақ тіліндегі сөз басындағы /ж-/ дыбысының (ауызекі тілдекейде «дж») тарихын Қашғаридың берген мәліметтері бойынша XI ғасырға апарамыз. Алайда қазақ говорлары мен әдеби тілге енген кейбір түркі сөздерінде сөз басындағы /ж-/ орнына қолданылған /з-/ , /й-/ , /д-/ , /ш-/ , /дж-/ және кірме сөздерде /й-/ дыбысының орнына қолданылған /ж-/ , /д-/ , /н-/ , /т-/ және /з-/ дыбысты варианттардың кездесуін немен байланыстыруға болады?

Әдеби тілде /ж-/ дыбысымен басталатын бір сөздің қазақ тілі мен оның говорларында /ж-/ орнына басқа дыбыстармен берілуін XX ғасырдың басында немесе кейінгі кезеңдерде пайда болған фонетикалық құбылыс ретінде қарастыруға болмас. Чуваш тіліндегі д- > дж- > ć- сияқты тарихи дамуды мұнымен байланыстырып өтуге болады. Әрине, қазақ тіліндегі қолжазбалардың көбі XIX-XX ғасырға тән екенін ескерсек, әдеби тілдегі ж- дыбысының орнына қолданылған басқа дыбыстардың дамуын тарихи кезеңдердегі мысалдармен салыстыра алмаймыз. Алайда, дыбыстардың тарихи дамуына мысалдар келтіре алмау «ж» дыбысының фонетикалық

нұсқаларының орыс тілінің немесе басқа көршілес бір тілдің әсерімен пайда болған деп түсіндіру де жөн емес. Белгілі ғалым О.Н. Тунаның атапөткеніндейойрат диалектісіндегі «д», қырғыз тіліндегі «дж», хакас және тува тілдеріндегі «ч», алтай, хакас, тува тілдері говорларындағы «н» дыбыстарының «й» дауыссызынан шықты» деп тұжырымдау түркі тілдеріндегі шұғыл дауыссыздардың фрикативті (ызың) дауыссыздарға айналуы үрдісіне, сонымен қатар тілдегі фонетикалық ережелерге қайшы келеді. Лингвист ғалым «ерте түркі дәуірінде сөз басындағы «й» мен бірге «д» және одан тарайтын «дж» дыбысы бар болған» дейді.

Демек, қазақ тілі мен оның говорларындағы дж-, д-, ж-, з- дыбыстарын /й-/ден келді деген тұжырым да түркі тілдерінің фонетикалық заңына қайшы келеді. Түркі тілдері ішіндегі мейлінше көне деп аталатын якут, чуваш тілдерінің өзінде сөз басында «й» дыбысы жұмсалмайды. Алтай тілдер тобына кіретін моңғол, тұңғыс-манжұр тілдерінде де «й»нің эквиваленті басқа дауыссыздар. Алтайтанушы ғалымдар да тілдік деректер мен талдауларға сәйкес сөз басындағы «д» дауыссызының прото (ең көне) екенін дәлелдейді.

Сол себепті сөз басындағы «й» мәселесіне келгенде «й» көнелеу деп айтуға асықпаған жөн секілді. Бұл мәселені әлі де қарастырып, зерттеу қажет екені сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Tuna O.N. Sümer ve Türk Dillerinin Târihî İlgisi İle Türk Dili'nin Yaşı Meselesi / O.N. Tuna. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011. - 57 s.
2. Tekin T. Orhon Türkçesi Grameri / T. Tekin. - İstanbul: Kitap matbaası, 2003. - 273 s.
3. Poppe N. Altay Dillerinin Karşılaştırmalı Grameri 1. Kısım Karşılaştırmalı Ses Bilgisi. Çeviren Zeki Kaymaz / N. Poppe. - İstanbul: Fatih Ofset, 1994. - 295 s.
4. Ceylan E. Çuvaşça Çok Zamanlı Ses Bilgisi / E. Ceylan. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 1997. - 256 s.
5. Tekin T. Tuna Bulgarları ve Dilleri / T. Tekin. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 1987. - 70 s.
6. Dilâçar A. Batı Türkçesi. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı - Belleten, 1, 73-92 s.
7. Ercilasun A.B. Akkoyunlu Z. Kâşgarlı Mahmud, Dîvânü Lugâti't-Türk / A.B. Ercilasun, Z. Akkoyunlu. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 2015. - 995 s.
8. Karaağaç G. Türkçenin Ses Bilgisi / G. Karaağaç. - İstanbul: «Kesit Yayınları», 2010. - 232 s.
9. Eckmann J. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay Türkçesi Üzerine Araştırmalar. Düzenleyen Osman Fikri Sertkaya / J. Eckmann. - Ankara: TDK Yayınları, 2011. - 438 s.

10. Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü / R. Toparlı, H. Vural, R. Karaatlı. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 2007. - 338 s.
11. Argunşah M. Çağatay Türkçesi / M. Argunşah. - İstanbul: Kesit Yayınları, 2014. - 308 s.
12. Петек Е. Абай Құнанбайұлы Ғақлия Кітабы / Е. Петек. - Алматы: Ұлағат, 2020. - 294 б.
13. Petek E. 15-18. yy. Nogay-Kazak Jırav ve Akınlarının Dili (yayımlanmamış doktora tezi) / E. Petek. - İzmir: Ege Üniversitesi, 2018. - 723 s.
14. Serebrennikov B., Gadjeva N. Türk Yazı Dillerinin Karşılaştırmalı Tarihî Grameri. Çeviren: Tefvik Hacıyev, Mustafa Öner / B. Serebrennikov, N. Gadjeva. - Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011. - 255 s.
15. Adilov M. «Dîvânü Lugâti't-Türk'te Kıpçakça Kaydıyla Verilen Unsurların Kazakçadaki Durumu Üzerine», Yeni Türkiye Dergisi, Ocak-Şubat 2019. s. 338-345.
16. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка / С. Аманжолов. - Алма-ата: КазНПУ, 1959. - 453 б.
17. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Т. Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
18. Adilov M. «Kazak Türkçesindeki Alıntı Kelimelerin Kazakçalaşması.» Yeni Türkiye Dergisi, Ocak-Şubat 2018. - 549-554 s.
19. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер / С. Омарбеков. - Павлодар: Қазақ тіл білімінің антологиясы, 2008. - 223 б.
20. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері / Ж. Досқараев. - Павлодар: Қазақ тіл білімінің антологиясы, 2010. - 155 б.
21. Құрманбайұлы Ш., Әділов М. Абай тілінің ерекшеліктері / Ш. Құрманбайұлы, М. Әділов. - Алматы: Сардар баспасы, 2020. - 384 б.
22. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев. - Алматы: Арыс баспасы, 2005. - 824 бет.
23. Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі / С. Бизақов. - Алматы: Білім, 2000. - 320 бет.
24. Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы / И. Ұйықбаев. - Алматы: Ғылым баспасы, 1976. - 144.
25. Gabain A. Eski Türkçenin Grameri (Çev.: Mehmet Akalın) / A. Gabain. - Ankara: TDK Yayınları, 2007. - 313 s.
26. Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К. Аханов. - Алматы: Санат, 1993. - 496 бет.
27. Yılmaz E. "Altayistik Bağlamında Macarca-Türkçe Dil İlişkileri". Bilig, Yaz.-2015. - Sayı 74. - 287-308 s.

Е.К. Петек, М.Е. Адиллов

Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Историческое развитие звука /ж-/ в начале слова в казахском языке

Аннотация. Одной из наиболее рассмотренных в тюркской лингвистике и вызывающей различные споры среди тюркологов является проблема звука /й-/ , встречающаяся в начале слова. В древнетюркских памятниках и современных тюркских языках этот звук употребляется в различных фонетических формах. Те, кто принял теорию алтайских языков, пришли к выводу, что прототюркский язык, который развивался как самостоятельный язык после протоалтайской эпохи, был разделен на две ветви: «древне-западный» и «древне-восточный» тюркские языки. С тех пор в современной тюркологии к западному древнетюркскому языку применяются термины «язык ЛИР», а к восточному древнетюркскому языку «язык ШАЗ». В вопросе классификации тюркских языков в качестве критерия используется также обмен звуков «л-ш», «р-з» и варианты звучания /й -/, встречающиеся в начале слова. В данной статье на основе диахронического, синхронного сравнения рассматривается история развития общетюркского звука /й-/ , в казахском языке соответствующего звучанию /ж -/. Также анализируется, какие из этих звуков, употреблявшихся с эпохи Орхонских памятников в виде /й -/, но употреблявшихся в казахском языке в виде /ж -/, являются древними.

Ключевые слова: протоалтайский язык, прототюркский язык, древнетюркский язык, казахский язык, звуки «й» и «ж» в начале слова.

E.K. Petek, M.E. Adilov

Tokat Gaziosmapaşa University, Tokat, Turkey

Historical Development of the /j-/ Sound at the beginning of the words in Kazakh Language

Abstract. One of the most emphasized issues of the Turkish language, which also causes differences of opinion among Turcologists, is the state of the sound /y-/ at the beginning of the words. This sound varies in terms of both historical Turkish dialects and contemporary Turkish dialects and is met with a different sound. For those who accept the Altaic hypothesis, it is known that the Proto-Turkic language, which developed as an independent language after the era of the Proto-Altaic language, was divided into two branches as Oghur languages (West Turkish) and Common Turkic (East Old Turkic). In Turcology, the terms Lir Turkic for Oghur languages and Shaz Turkic for Common Turkic are also used. In order to classify the Turkic languages, the sounds /l, /ʃ/ and /r/, /z/ sounds, and also the /y-/ sound at the beginning of the words were used as criteria. This article will focus on the development of the /y-/ sound at the beginning of the words in Turkic languages, which corresponds to the /j-/ sound at the beginning of the words in the Modern Kazakh language through diachronic and synchronic comparisons. It will be mentioned that whether the /y-/ sound can be seen since the Orkhon Turkic, which is one of the historic periods of the East Old Turkic, or the /j-/ sound in the Kazakh language is more archaic.

Keywords. Proto-Altaic, Oghur Turkic, Kazakh language, y-sound at the beginning of the words.

References

1. Tuna O.N. Sumer ve Turk Dillerinin Tarihi İlgisi İle Turk Dilinin Yashy Meselesi [Historical interest of Sumerian and Turkic languages and the question of the age of the Turkic language], (Turk Dil Kurumu, Ankara, 2011, 57 p.), [in Turkish].
2. Tekin T. Orhon Turkchesi Grameri [Grammar of Orhon Turkish], (Kitap matbaası, İstanbul, 2003, 273 p.), [in Turkish].
3. Poppe N. Altay Dillerinin Karshylashtyrmaly Grameri [Comparative Grammar Of Altay Languages] (Fatih Ofset, İstanbul, 1994, 295 p.), [in Turkish].
4. Ceylan E. Chuvashcha Chok Zamanly Ses Bilgisi [Phonetics Of The Chuvash Language] (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1997, 256 p.), [in Turkish].
5. Tekin T. Tuna Bulgarlary ve Dilleri [Tuna Bulgarians and their languages], (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1987, 70 p.), [in Turkish].
6. Dilaçar A. Bati Turkchesi [Western Turkish], TDAY Belleten [TDAY Bulletin], 73-92(1953), [in Turkish].
7. Ercilasun A.B. Akkoyunlu Z. Kashgarly Mahmud, Divanu Lugatit-Turk [Divanu Lugatit-Turk] (Türk Dil Kurumu, Ankara, 2015, 995 p.), [in Turkish].
8. Karaağaç G. Turkchenin Ses Bilgisi [Phonology of Turkish], (Kesit Yayınları, İstanbul, 2010, 232 p.), [in Turkish].
9. Eckmann J. Harezmi, Kypchak ve Chagatai Turkchesi Uzerine Arashtyrmalar [Research of mid-century Turkish monuments], (TDK Yayınları, Ankara, 2011, 438 p.), [in Turkish].
10. Toparlı R. Kypchak Turkçesi Sozlugu [Kipchak Dictionary], (Türk Dil Kurumu, Ankara, 2007, 338 p.), [in Turkish].
11. Argunşah M. Chagatai Turkchesi [Chagatai Turkish], (Kesit Yayınları, İstanbul, 2014, 308 p.), [in Turkish].
12. Petek E. Abay Kunanbayuli Gakliya Kitaby [Abay Kunanbayuli Gakliya Kitap] (Ulagat, Almaty, 2020, 294 p.), [in Kazakh].
13. Petek E. 15-18. yy. Nogay-Kazak Jyrau ve Akynlarynyn Dili [15-18. yy. Language Features of Kazakh Poets] (İzmir, Ege University, 2018, 723 p.), [in Turkish].
14. Serebrennikov B., Gadjieva N. Turk Yazy Dillerinin Karshylashtyrmaly Tarihi Grameri [Comparative Historical Grammar Of Turkic Writing Languages] (Türk Dil Kurumu, Ankara, 2011, 255 p.), [in Turkish].

15. Adilov M. «Divanu Lugati't-Turkte Kypchakcha Kaidyila Verilen Unsurlaryn Kazakchadaki Durumu Uzerine» [On The Status Of Kipchak Elements In Kazakh] (Yeni Türkiye Dergisi, Ocak 2019. 338-345 p.), [in Turkish].
16. Amanzholov S. Voprosy Diyalektologiy i İstoriy Kazakhskogo Yazıka [Problems of dialectology and history of the Kazakh language] (Alma-ata, KazNPU, 1953, 453 p.), [in Kazakh].
17. Zhanuzakov T. Kazak Tilinin Tusindirme Sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (Daik Press, Almaty, 2008, 968 p.), [in Kazakh].
18. Adilov M. «Kazak Turkchesindeki Alynty Kelimelerin Kazakchalashması» [On Phonetic Changes Of Quoted Words In Kazakh], Yeni Türkiye Dergisi, Ocak, 549-554(2018), [in Turkish].
19. Omarbekov S. Kazaktyn auyzeki tilindegi zhergilikti erekshelikter [Features of the Kazakh spoken language] (Kazak til biliminin anthologyasy, Pavlodar, 2008, 223 p.), [in Kazakh].
20. Doskarayev Zh. Kazak tilinin zhergilikti erekshelikteri [Dialectical features of the Kazakh language] (Kazak til biliminin anthologyasy, Pavlodar, 2010, 155 p.), [in Kazakh].
21. Kurmanbaiuly Sh., Adilov M. Abay tilinin erekshelikteri [Abay language features] (Sardar, Almaty, 2020, 384 p.), [in Kazakh].
22. Kazak tilinin aimaktyk sozdigi [Dialectological dictionary of the Kazakh language] (Arys, Almaty, 2005, 824 p.), [in Kazakh].
23. Bizakov S. Variant sozder sozdigi [Dictionary of Kazakh language variants] (Bilim, Almaty, 2000, 320 p.), [in Kazakh].
24. Uiykbayev I. Kazirgi Kazak Tilindegi Varianttylyk problemasy [Problems of variant forms of the Kazakh language] (Gylım, Almaty, 1976, 144 p.), [in Kazakh].
25. Gabain A. Eski Turkchenin Grameri [Grammar of the Ancient Turkic language] (TDK Yayınları, Ankara, 2007, 313 p.) [in Turkish].
26. Ahanov K. Til biliminin negizderi [Fundamentals of linguistics] (Sanat, Almaty, 1993, 496 p.), [in Kazakh].
27. Yılmaz E. "Altaistik Baglamynda Mazharzha-Turkche Dil İlishkileri" [Hungarian-Turkish Language Relations In Altaistic Context], Bilig, 74, 287-308(2015), [in Turkish].

Авторлар туралы мәлімет:

Петек Ержан – Ph.D., түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, Түркия мемлекеттік Газиосманпаша университеті, Тоқат, Түркия.

Әділов Марлен Ерланұлы – Ph.D., түрік тілі мен әдебиеті бөлімі оқытушысы, Түркия мемлекеттік Газиосманпаша университеті, Тоқат, Түркия.

Petek Ercan – Ph.D., Head of the Department of Turkish Language and Literature, Tokat Gaziosmanpaşa University, Tokat, Turkey.

Adilov Marlen Yerlanuly – Ph.D., Teacher of Turkish Language and Literature, Tokat Gaziosmanpaşa University, Tokat, Turkey.